

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТУЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
2008 ж. "26" наурыз күні
Қуаң № 8839-1902-АМ

«Атамекен-Агро» АҚ
акционерлердің жалпы
Жиналысының 2008-ші
жылғы 09 айының 08
күніндегі
№ _____ хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТУЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
2008 ж. "26" наурыз күні
080940017289
(Бизнес-сәйкестендіру нөмірі)



«АТАМЕКЕН - АГРО»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы
Көкшетау қ.

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Кіріспе

Қазіргі Жарғы Қазақстан Республикасының Ата заңына, Азаматтық Кодексіне, 2003 жылдың 13 -мамырындағы «Акционерлік Қоғамдар туралы» заңына және басқа Қазақстан Республикасының нормативтік құқылық актілеріне сәйкес жасалған.

Қазіргі Жарғы «Атамекен-Агро» акционерлік қоғамының (әрі қарай Қоғам) заңды тұлға ретінде құқылық мәртебесін анықтайтын ұйымдастырушылық құжаты болып табылады және келесі ережелерді ұстануға міндеттенеді:

- 1) Қоғамның толық және қысқартылған аталуын;
- 2) Қоғамның атқарушы органының тұрағы;
- 3) Қоғамның жарияланған акциялары туралы және акционерлердің құқықтары туралы мәлімдемені;
- 4) Қоғам мүліктерінің құрылу тәртібін;
- 5) Қоғамның біліктілік органдарының құрылу тәртібі;
- 6) Қоғам органдарының іскерлігін ұйымдастыру тәртібін; оның ішінде:
 - Қоғам органдарының коллегиялық отырыстарын, акционерлердің алқалық отырысын шақыру және жалпы жиналыстарын дайындап өткізу тәртібін;
 - Қоғам органдарының шешім қабылдау тәртібі, оның ішінде білікті басым дауыспен шешілетін сұрақтар тізбесін;
- 7) Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін;
- 8) қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралын көрсете отырып, қоғамның акционерлеріне оның қызметі туралы ақпарат беру тәртібі;
- 9) Қоғам қызметкерлері мен акционерлердің ақпарат беру тәртібін;
- 10) Қоғамның іскерлігін тоқтату шарттарын;

Қазіргі Жарғы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да ережелерді ұстанады.

Бұл Жарғымен барлық мүдделі тұлғалар танысуға құқылы. Акционердің талап етуі бойынша, Қоғам оған осы Жарғымен таныстыруға және өзгертулер мен толықтырулар енгізуге мүмкіндік беруге міндетті. Талап етуі бойынша, Қоғам акционерге дайындалған Жарғының көшірмесі үшін, сондай-ақ қажет болса, жеткізіп бергені үшін шығарылған шығыннан аспайтын ақы алуға құқылы.

Қоғамның іс - әрекеті туралы ақпарат дайындау үшін және оның талабын ақпарат құралдары өкілетті органның нормативтік құқылық актілеріне сәйкес іске асыра алады.

1- ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1- Бап. Қоғамның мәртебесі

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған, КазАгроТрейд ЖШС қайта ұйымдастыруы арқылы. Қоғамның іс-әрекет мерзімі шектеусіз.

2. Қоғам өз іс-әрекетін жүзеге асыру үшін жарна қағаз (акция) шығара алатын заңды тұлға болып табылады. Меншік түрі-жекеменшікті.

3. Қоғамның өз акционерлерінің мүліктерінен бөлінген өзіне тиісті мүлігі бар және олардың міндеткерлігіне жауап бермейді. Қоғам өз мүліктерінің міндеткерлігіне жауапты.

Акционер Қоғамның міндеткерлігіне және Қоғамның іс - әрекетіне байланысты шығынға оның жарна қағаздары құнының Қазақстан

Республикасының заңдарында қарастырылған актілерге сәйкес шегінде жауап бермейді.

4. Қоғамның өзіндік балансы, банк есеп-шоты, мемлекеттік және орыс тілінде белгіленген мөрі бар.

5. Қоғамның фирмалық атауы мүлдіктік таңбасы бар. Қоғам тағы да фирмалық логотип, жалау және басқа да жекешелендіру құралдарына ие бола алады.

6. Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген тәртіпке сәйкес Қоғам заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатыса алады.

7. Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген актілерге сәйкес Қоғам өзінің тұрақты мекенінен басқа жерде орналасқан заңды тұлға болмайтын және Қоғам атынан оның ережелері негізінде іс-әрекет жасай алатын филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

2- Бап. Қоғамның фирмалық атауы және атқарушы органдарының тұрағы.

1. Қоғамның фирмалық атауы:

-- толық әне қысқартылған түрде мемлекеттік тілде Қоғамның атауы:

-- «Атамекен - Агро» Акционерлік Қоғамы;

-- «Атамекен - Агро» АҚ;

2. толық және қысқартылған түрде орыс тілінде Қоғамның атауы:

-- Акционерное общество «Атамекен - Агро»

-- АО «Атамекен - Агро»

3. Қоғамның атқарушы органдарының тұрағы:

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Жаңа Мясокомбинат ауданы, Д.У.-30 үй.

3-бап. Қоғамның мақсаты, негізгі бағыттары және іс-әрекеттері.

1. Қоғамның негізгі мақсаты – дербестік негізде шаруашылық іс-әрекет жасау нәтижесінде таза табыс табу.

2. Қоғамның іс- әрекетінің негізгі бағыттары мен түрлері:

- Жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, аталған өнімді өңдеу мен өткізу;
- Көліктік-экспедиторлық қызметтер көрсету;
- Құрылыстар салу мен ғимараттарды жөндеу;
- Халыққа ақпаратты, консультациялық қызметтер ұсыну;
- Сауда-сатып алу, коммерциялық, делдалдық қызметтері;
- өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді және халық тұтынатын тауарларды өндіру мен сату;
- фирмалық дүкендер желісі арқылы азық-тұлық тағамдарының, халық тұтынатын тауарлардың көтерме және бөлшек саудасын ұйымдастыру;
- дүкендер ашу, соның ішінде комиссиялық саудаға арналған дүкендер, супермаркеттер ашу;
- қоғамдық тамақтандыру нүктелерін ашу, соның ішінде кафе, бар, мейрамхана және т.б. ашу;
- халыққа тұрмыстық қызметтер көрсету;
- құрылыс, жөндеу, монтаждау, іске қосу-реттеу жұмыстарын орындау;
- тұрғын үй, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер құрылысы;
- экспорттық-импорттық қызмет;

- маркетинг, инжиниринг, менеджмент бойынша қызмет;
 - АЭС, ТҚС, автосервис ашу;
 - Темір жол көлігінің тұйықтарында жүк түсіру, тиеу;
 - Мұнай өндеу өнеркәсібі өнімдерін сатып алу және өткізу;
 - Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өткізу;
 - Ағаш өндеу өнеркәсібі;
 - Заңнамен білгіленген тәртіптегі сыртқы экономикалық қызмет;
 - Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметтер болып табылады.
3. Қоғамның мақсатына жету үшін және негізгі бағыттағы іс-қимылдарын жүзеге асыру жолында Қоғам Қазақстан Респупликасының заңнамаларына қарсы келмейтін және оның құрылуына тыйым салмайтын шарушылықтың кез келген түрін қолдануға құқылы;
4. Заңнамалық актілердің тізбесі анықтаған кейбір жекеленген түрлерімен Қоғам тек лицензия негізінде ғана айналыса алады;

2-тарау. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4-бап. Қоғамның құнды қағаздары туралы жалпы ережелер

1. Қоғам жай және артықшылықтық акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.
2. Акция бөлінбейді. Егер акцияны жалпы меншік құқығында бірнеше адам иеленсе, олар бір акционер болып саналады және акциямен куәландырылған құқықпен жалпы өкілі арқылы пайдаланады.
3. Акцияның бір түрі иеленген әрбір акционерге, Қазақстан Республикасының басқа заңнамаларымен анықталмаған болса, осы акцияны иеленген басқа қожалықтарымен бірдей құқық береді.
4. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын береді, қоғамның таза табысы мен акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі болған жағдайда дивиденд алуға, сондай-ақ, қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қоғам мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.
5. Қоғам акциясын ұстайтын реестрлер жүйелерін келіссөз негізінде Қоғам тіркеушісі іске асырады.
- Қоғам алған меншікті акциялар туралы мәліметтер міндетті түрде құнды қағаздар ұстайтын реестрлер жүйесіне еңгізілуі тиіс.
- Акция ұстайтын реестрлер жүйесінің көшірмесі акционердің қолы қойылған және ақысы төленген құқылы құжаттары бола алады.
6. Қоғам акционерлерге сатып алынған құнды қағаздары туралы жазбаша түрде хабарлап тұрады.
7. Қоғам шарттары, шығаруы, айналымы және өтеуі Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген құнды қағаздар рыногі тәртібінде облигациялар және басқа құнды қағаздар (айналымда жүрген қаражатты қоса), шығаруға құқылы.
8. Басқа акциялар мен облигацияларды шығару, айналым және түгендеу сұрақтары Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттелмейтін болғанда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес оларды шығару жайында қабылданған шешімімен анықталады.

5-бап. Қоғамның жарияланған акцияларының түрлері

1. Қоғам жай және артықшылықтық акцияларды шығарды, жариялады.
2. Акционерлерге тиісті акциялардың түрі және есебі туралы нақты мәліметтер регистраторда болады.

6-бап. Қоғам акционерлерінің міндеттері мен құқықтары

1. Қоғам акционері:
 - 1) осы Жарғымен және заңмен белгіленген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 2) дивиденд алуға;
 - 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы анықтаған тәртіпте қаржылық есептемемен танысуға, Қоғамның іс-әрекеті туралы хабар алуға;
 - 4) Қоғамның Регистратордан немесе номиналды ұстанушыдан өзінің құнды қағаздарға меншіктік құқығын дәлелдейтін көшірме алуға;
 - 5) Қоғам акционерлерінің жиналысында Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін өзінің кандидатурасын ұсынуға;
 - 6) Қоғам органдарының қабылдаған шешімдерін сот тәртібінде даулауға;
 - 7) Қоғамға жазбаша түрде оның іс-әрекеті жөнінде сұраным беруге және қоғамға сұраным түскеннен кейін 30 күн ішінде нақты дәлелді жауап алуға;
 - 8) Қоғам таратылған кезде мүлік бөлігіне;
 - 9) Заңмен бекітілген тәртіпте акциялардың басым бөлігін және өз акцияларының айналымында жүрген қоғамның басқа да құнды қағаздарын сатып алуға құқылы.
2. Ірі акционер:
 - 1) акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс шақыртуға, ал директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақыртуға қарсы болған жағдайда сот арқылы оның шақыртылуын талап етуге;
 - 2) Заңға сәйкес директорлар Кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар кіргізуге;
 - 3) директорлар Кеңесінің алқалық отырысын талап етуге;
 - 4) Қоғамның аудитін өз есебіне аудиторлық мекемелердің өткізуін талап етуге;
 - 5) кварталдық және жылдық бухгалтерлік есептемені одан басқа да басқарушылық және жеделдік есептемелерді алуға құқылы.
(кварталдық – әр квартал аяқталғаннан кейін 45 күннен кешіктірмей, жылдық – қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 3 айдан кешіктірмей, басқарушылық және жеделдік есептемелер акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша сұраным берілгеннен кейін 7 күннен кешіктірмей (электрондық және факс арқылы беретін сұранымды қоса);
3. Осы Жарғының 26-тарамында анықталғандай, акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
4. Егер де қоғамның жай акцияларға айналымда жүрген жарияланған акциялары немесе құнды қағаздары жайғастырылған болса, және де бұдан бұрын сатып алынған жоғарыда көрсетілген құнды қағаздар таратылған болса, акционерлер заң анықтаған тәртіпте және қолында бар акциялардың бағасы санына пропорционалды тең шартпен көрсетілген құнды қағаздарды сатып алуға құқылы. Мұндай жағдайда қоғамның жай акцияларын иеленген акционер

жай акцияларға айналуға жүрген жай акциялар немесе құнды қағаздарды басым сатып алуға құқылы.

5. Осы бапта белгіленген акционерлердің құқықтарына шек қойылмайды. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес тағы да басқа құқықтармен қолдана алады.

6. Қоғам акционерлерінің міндеттері:

1) акцияға ақы төлеу;

2) 10 күн ішінде осы акционерге қарайтын Қоғам регистраторына немесе номиналдық акция ұстанушыларға Қоғам акцияларын ұстанушыларының реестрлер жүйелерін жүргізуге қажет өзгерістер туралы мәліметтерді хабарлау;

3) Қоғам туралы немесе оның іс-әрекеттері жайында, қызметтік, коммерциялық немесе тағы басқа заңмен қорғалатын құпиялар жайында мәліметтерді таратпау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және заңдарына сәйкес басқа да міндеттерін орындау;

7. Қоғам және Қоғам регистраторы осы Жарғының 6-шы бабының 6-шы тарамының 2-бөлігінде белгіленген акционер талаптарының орындалмаған нәтижесіне жауап бермейді.

3 – тарау. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

7-бап. Қоғамның мүлкі

1. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен қалыптасады:

1) акционерлермен Қоғамның акцияларына төлеуге берілген мүліктерден;

2) Қоғамның іс-әрекет нәтижесінде алынған табыстардан;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде тыйым салынбаған басқа да мүліктерден;

Акционерлердің өз акциясына төлеген мүліктерден және оның іс-әрекеттерінің нәтижесінде алынған табыстан құралған қоғам мүлкі жекеменшік құқығымен Қоғамға қарайды.

2. Қоғамның мүлкі заңнамаларда белгіленген талаптарға сәйкес қалыптасады.

Қоғамның мүлкі қоғамның жарияланған акцияларын жайғастыру арқылы өседі.

4 – тарау. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

8 – бап. Қоғам органдарының тізбегі

1. Қоғам органдары болып табылады:

1) жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқарушы орган – директорлар Кеңесі;

3) атқарушы орган - Бас директор (жекебасты орган).

9 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізіп

отыруға міндетті. Одан басқа өткізілген жиналыстар кезектен тыс болып табылады.

2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі бекітіледі, Қоғамның өткен қаржылық жылында алған таза табысын бөлу тәртібі айқындалады және Қоғамның бір жай акциясына есептелінген дивиденд өлшемі анықталады; Қоғамның және оның лауазымды шенеуніктерінің акционерлердің үндеулерін қарастыру сұрақтары және қарастырудың нәтижелері талқыланады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылданған шешімдер акционерлердің жалпы жиналысының компетенциясына жатады дейтін басқа да сұрақтарды талқылауға құқылы.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталған соң 5 айдың ішінде өткізілуі тиіс.

Қоғам аудитін есептеме мерзімінде аяқтауға мүмкіншілік болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 айға созылады деп есептеледі.

10 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысының құзіреті

1. Акционерлердің ерекше құзіретіне төменгі сұрақтар жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгерістер, қосымша кіргізу немесе жаңа басылымда бекіту;
- 2) еректі түрде қоғамды қайтадан ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) қоғамның жарияланған акцияларының санын молайту жөнінде шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланған акцияларының жайғастырылмаған түрлеріне өзгерту еңгізу,
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының хатшысын сайлау; ал Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен белгіленген жағдайда - есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілет мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттігін мезгілінен бұрын тоқтату;
- 5) директорлар кеңесінің құрамын, өкілет мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттік мерзімін мезгілінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлемінің мөлшерін мен шарттарын анықтау;
- 6) қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық мекемелерді анықтау;
- 7) жылдық қаржылық есептемені бекіту;
- 8) заңда қарастырылған жағдайда Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төленбейтіні туралы шешім қабылдау;
- 9) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды активтердің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін, Қоғамға жататын барлық активтердің 25 және одан да артық пайызын, беру арқылы құруға және олардың іс-әрекетіне қатысуға шешім қабылдау;
- 10) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы құлақтандырудың түрлерін анықтау және ондай мәлімдемені ақпарат құралдарында орналастыру жайында шешім қабылдау;
- 11) қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 12) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 13) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 14) шешім қабылдау Заңға және қоғам жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзіретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

2. Осы Жарғының 10-шы бабының 1-ші тарамының 1-3 бөлігінде көрсетілген сұрақтарға акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беруші акцияларының білікті көпшілігімен қабылданады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының басқа сұрақтар жайлы шешімі, егер заңмен немесе осы Жарғымен басқаша көрсетілмесе, Қоғамның жалпы дауыс беруші акцияларының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

4. Қабылданған шешімі акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жататын сұрақтар болса, егер Қазақстан Республикасының заңнамаларымен басқаша көрсетілмесе, Қоғамның басқа органдарына, лауазымдық қызметкерлеріне берілмейді.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы, сұрақтары Қоғамның ішкі іс-әрекеттеріне қарайтын болса, Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін алып тастауға құқылы.

11 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысын шақырту тәртібі

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар Кеңесімен шақыртылады.

2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы :

- 1) директорлар Кеңесі;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақыртылады.

Еректе түрде жою кезеңінде тұрған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның жою комиссиясымен шақыртылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамаларымен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналы міндетті түрде шақыртылуы, көрсетілуі мүмкін.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындап өткізуді жүзеге асыратындар:

- 1) Бас директоры;
- 2) жасалған келіссөзге сәйкес Қоғам регистраторы;
- 3) директорлар Кеңесі;
- 4) Қоғамның жою комиссиясы;

4. Акционерлердің жалпы жиналысын шақырту, дайындау және өткізу шығындарын заңмен көрсетілген жағдайлар болмаса, Қоғам көтереді.

5. Қоғам органдарының акционерлердің жылдық жалпы жиналысын заңда көрсетілген тәртіп бойынша шақыртылуын бұзған жағдайда , мүдделі даудың сот шешімі негізінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шақыртылуы мүмкін.

Егер Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу талаптарын орындамаса, Қоғамның ірі акционерінің дауын қабылданған сот шешімі негізінде, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы шақыртылуы және өткізілуі мүмкін.

12 – бап. Ірі акционердің бастамасымен шақыртылатын және өткізілетін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының ерекшеліктері.

1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы Қоғамның атқарушы органдарының орналасқан жеріне директорлар Кеңесіне ондай жиналыстың күн тәртібі көрсетілген жазбаша түрде хабарнама ұсынылады.

2. Директорлар Кеңесі көрсетілген талаптар келіп түскеннен кейін 5 күн ішінде ұсынушыға талаптарға сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы хабарлайды. Акционерлердің талабы бойынша шақыртылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында директорлар Кеңесі жиналыстың күн тәртібіне кез келген сұрақтармен толықтырулар жасауға құқылы.

13 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі

1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімін Қоғам акциясын ұстанушысының реестрлар жүйесінің негізінде Қоғамның тіркеушісі (регистраторы) жасайды. Көрсетілген тізімнің жасалу мерзімі жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған мерзімінен ерте болуы мүмкін емес.

Тізімге кіретін акционерлер туралы мәліметтер өкілетті органмен анықталады.

2. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімі жасалып болғаннан кейін, тізімге кірген тұлға Қоғамның өзіне тиесілі дауыс беруші акциясынан айырылып қалған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқысы жаңа акционерге көшеді. Ондайда оның акцияға меншіктік құқығын растайтын құжаттары болуға тиісті

14 – бап. Жалпы жиналысты өткізудің мерзімі, уақыты және орны.

1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің мерзімі мен уақыты жиналысқа қатысуға құқылы тұлғалардың көпшілігі қатыса алатындай мезгілге белгіленуі керек.

Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органның тұрақты орнында өткізілуі тиіс.

2. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақыты мен жиналысты өткізу уақыты Қоғамның есеп комиссиясына тіркеуді жүргізуге, жиналысқа қатысушылардың санын есептеуге және оның кворумын анықтауға жеткілікті болатын болуы керек.

15 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама.

1. Акционерлер жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін жағдайда – жиналыс өткізілетін мерзімге дейін 45 күнтізбелік күннен кешікпей хабарлар болуы керек.

2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы мәлімдеме баспасөз беттерінде жариялануы керек немесе акционерлер жазбаша хабарлама бағыттау арқылы мәлімденуі қажет. Компанияның акционерлер саны елуден асқанша, акционерлерге хабарлама жазбаша түрде бағыттау арқылы мәлімденілуі керек.

Осы Жарғының 15 –ші бабының, 3-ші тарамында көрсетілгендей, мәлімдеме баспасөз беттерінде жарияланған күннен немесе почталық жөнелтім күнінен бастап, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама мерзімі болып есептелінеді.

Егер акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы мәлімет баспасөз бетінде мемлекеттік немесе басқа тілде жарияланған болса, осы Жарғының 15 – ші бабының, 3-ші тарамында көрсетілгендей, хабарлама мерзімі болып соңғы жариялым күні есептелінеді.

3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы мәлімдеменің мазмұны:

- 1) Қоғамның атқарушы органдарының толық атауы және тұрағы;
- 2) жиналыс шақыртудың бастаушысы туралы мәлімет;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілетін орны, мерзімі және уақыты, жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты, тағы да бірінші жиналыс өткізілмейтін болғанда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қайталап өткізудің мерзімі мен уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі жасалған мерзім;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) қоғам акционерлерін жалпы жиналыстың күн тәртібіне қойылған сұрақтар бойынша материалдармен және олар жайлы қабылданатын шешім жобаларымен таныстыру;

4. Миноритарлық акционер, жалпы жиналыстың күн тәртібінде көрсетілген сұрақтар бойынша шешім қабылдауда, басқа акционерлермен бірігу мақсатымен Қоғам регистраторына (тіркеушісіне) назар аударуын өтінуіне құқылы.

Миноритарлық акционердің үндеу және Қоғам тіркеушісінің (регистратор) басқа акционерлерге мәлімет тарату тәртібі құнды қағаздарды ұстанушылардың реестрлер жүйелерін жүргізу туралы келіссөздерімен көрсетіледі.

16 – бап. Акционерлердің қайталанған жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізу, акционерлердің алғашқы жалпы жиналысының белгіленген мезгілінен (өткізілмеген) кейін келесі күннен кешіктірмей белгіленуі керек

2. Акционерлердің қайталанған жалпы жиналысы акционерлердің белгіленген алғашқы өткізілмеген жалпы жиналысы орнында өткізілуі тиіс.

3. Акционерлердің қайталанған жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген жалпы жиналыстың күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.

17 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар Кеңесімен және талқылауға шығарылатын дәлелді қалыптастырылған мазмұнды сұрақтар тізбегімен құрастырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе шарт бойынша, Қоғам акционерлері ондай толықтырулар болатыны туралы жиналыстың өткізілу мерзіміне дейін 15 күн бұрын мәлімделінген болған болса, немесе осы Жарғының 66-шы тарамында көрсетілген тәртіпте, директорлар Кеңесімен толықтырылады.

2. Іштей тәртіпте өткізілген акционерлердің жалпы жиналысын ашқанда, директорлар Кеңесі күн тәртібіне кіргізілетін өзгертулер туралы оларға түскен ұсыныстарды хабарлауға міндетті.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысқан Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

4. Күн тәртібіне өзгертулер мен(немесе) толықтырулар кіргізілуі мүмкін, егер оларды кіргізу үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің (немесе олардың өкілеттерінің), және 95 пайыздан кем емес Қоғамның дауыс беруші акцияларының ұстанушыларын қоса келгенде, басым көпшілігі дауыс берсе.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қабылданғанда, сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгертулер мен(және) толықтырулар енгізілуі мүмкін емес.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне кіргізілмеген сұрақтарды қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

Күн тәртібінде мағынасы кең, «әр түрлі», басқадай»,»тағы басқа» және осыларға ұқсас тұжырымдарды қоса, қолдануға тыйым салынады.

18 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтарына байланысты материалдар, берілген сұрақтарға байланысты негізделген шешімдер қабылдау үшін, қажетті көлемде мазмұндалған мәлімет болуы керек.

2. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылған кандидаттар туралы келесі мәлімет болуы керек:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) қоғамға көзқарасы туралы мәлімет;
- 4) соңғы 3 жылда атқарған қызметі мен жұмыс орыны туралы мәлімет;
- 5) кандидаттың біліктілігі мен жұмыс тәжірибесін растайтын басқа мәлімет;

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қоғамның директорлар кеңесін (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда мыналар: директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатын-табылмайтындығы көрсетілуге тиіс.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің материалдарына мыналар кіруге тиісті:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі;
- 2) жылдық қаржылық есептемеге аудиторлық есеп;
- 3) директорлар Кеңесінің Қоғамның өткен қаржылық жылындағы таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның жай акциясына есептелінген бір жылғы дивиденд мөлшері туралы ұсынысы;
- 4) жалпы акционерлер жиналысын өткізуге бастамашы болған тұлғаның басқа да құжаттары;

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, егер жарғыда өзгеше көзделмесе, құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

19 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы

1. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу мезгілі аяқталар сәтінде Қоғамның дауыс беруші акциялары ұстанушыларын қоса 50 немесе одан да көп пайызымен акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелінсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі сұрақтарды қарастыруға және шешім қабылдауға құқылы.

2. Өткізілмеген жиналыстың орнына акционерлердің қайталанған жалпы жиналысы күн тәртібінің сұрақтарын қарастыруға және солар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, егер:

1) кворум болмағандықтан өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақырту тәртібі сақталған болса;

2) тіркелу аяқталған сәтте оған қатысу үшін, акционерлер(немесе олардың өкілдері) Қоғамның дауыс беруші акцияларының 40 немесе одан артық пайызын ұстанушыларын қоса тіркелінген болса, оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер;

3. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетендер бағытталған жағдайда, Қоғам алған және бюллетендермен көрсетіліп жіберілген жалпы жиналысқа қатысушылар, тіркеу кезінде кворум анықталғанда және дауыс берудің қорытындысын шығарғанда саналады.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілгенде, кворум болмаған жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің қайталанған жалпы жиналысы өткізілмейді.

20 – бап. Есеп комиссиясы.

1. Есеп комиссиясы Қоғам акционерлерінің саны 100 немесе одан артық болған жағдайда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады. Есеп комиссиясының құрамы үш адамнан кем болмауы тиіс. Есеп комиссиясына директорлар Кеңесінің мүшелері және Бас директор кіруге болмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін мезгілде есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда, жиналыс өткізу мезгіліне есеп комиссиясына қосымша мүше сайлауға рұқсат етіледі.

2. Қоғам акционерлерінің саны 100 немесе одан артық болмайынша, есеп комиссиясының қызметін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы атқарады. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен есеп комиссиясының қызметі Қоғам тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

3. Жалпы жиналыстың хатшысы(есеп комиссиясы):

1) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген тұлғалардың өкілеттілігін тексереді;

2) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарды береді;

3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетендердің шындығын анықтайды және шын бюллетендердің саны мен күн тәртібінің әр сұрағы бойынша онда көрсетілген дауысты есептейді;

4) жиналыс өткізіліп жатқан барлық мезгілде акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтайды және кворумның барын немесе жоқтығын хабарлайды;

5) акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру сұрақтарын түсіндіреді;

- 6) акционерлердің жалпы жиналысымен қарастырылған сұрақтар бойынша дауыстарды есептейді және дауыс берудің қорытындысын шығарады;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама құрастырады;
- 8) Қоғам архивіне дауыс беру бюллетендерін және дауыс берудің қорытындысы туралы хаттамасын өткізеді;
4. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы(есеп комиссиясы) акционерлердің жалпы жиналысында толтырылған бюллетендердегі мәлімдемелердің құпия болуын қамтамасыздандырады.

21 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысындағы өкілдіктер.

1. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша жекелей немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқысы бар.
2. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес немесе акционер атынан сенімхатсыз келіссөзбен әрекеттенуге, немесе оның мүддесін қорғайтын құқығы бар тұлғадан, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылған сұрақтар бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

22 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртібі

1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртібі заңға сәйкес, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі іс-әрекетерін реттейтін басқа құжаттармен немесе акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен анықталады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді(олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына оның қатысуға және дауыс беруге өкілеттілігін растайтын сенімхат көрсетуі қажет.

Тіркелінбеген акционер(оның өкілі) кворум анықтауда есепке кірмейді және дауыс беруге қатысуға құқысыз.

Іштей өткізілген тәртіпте, акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен басқаша көрсетілмесе, оған шақырусыз басқа тұлғалар қатыса алады. Ондай тұлғалардың құқысы акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көрсетіледі.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болса, хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп, мәлімденсе және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмайтын жағдай болмаса, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан бұрын ашылмайды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы Төраға(президиумның) және жалпы жиналыстың хатшысы сайлауын өткізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрін анықтайды – ашық немесе жасырын(бюллетень бойынша). Дауыс бергенде Төрағаны(президиумның) немесе акционерлердің жалпы жиналысының хатшысын сайлау сұрақтары бойынша әр акционерде бір ғана дауыс бар, ал шешім қатысушылар санының жай басым көпшілік дауысымен қабылданады. Атқарушы орган, Қоғам акционері болса, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қаратылып отырған сұрақтар бойынша сөзжарысты тоқтатуды дауысқа салуға ұсыныс жасауға, сондай-ақ ол жайында дауыс беру жолын өзгертуге құқылы.

Төраға күн тәртібінің сұрағын талқылауға қатысып сөз сөйлеуге құқылы тұлғаларға, егер ондай сөйлеушілер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелмесе немесе көрсетілген сұрақ бойынша сөзжарыс тоқтатылған жағдай болмаса, бөгет болуға құқысыз.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысына үзіліс жасауға және жұмыс уақытын ұзартуға, оның ішінде, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің кейбір бөлек сұрақтарын қарастыруды келесі күнге ауыстыруға шешім қабылдауға құқылы.

7. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық сұрақтары қарастырылып және солар жайында шешім қабылданғаннан кейін ғана жабылғаны туралы хабарлануы тиіс.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында келтірілген мәлімдемелердің толықтығына және шындығына жауап береді

23 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің дауыс беруімен бірге акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылармен (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ, қабылдана алынады.

2. Сырттай дауыс беруді өткізгенде, дауыс беру бюллетендері біркелкі формада акционерлер тізіміне кірген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Қоғам, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижесіне ықпал жасау мақсатында, дауыс беру бюллетендерін таңдамалы түрде жекеленген акционерлерге бағыттауға құқысыз.

3. Дауыс беру бюллетендері акционерлердің тізіміне кіргізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысы отырысының мерзіміне дейін 45 күннен кешіктірілмей жіберілуі керек. Егер Қоғамның акционерлер саны 500 немесе одан да артық болса, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмей сырттай дауыс беретін жағдайда, Қоғам Республикалық «Казахстанская правда» газетіне акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру бюллетенін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы мәлімдемемен бірге жариялауға міндетті.

4. Сырттай дауыс беру бюллетенінің мазмұны болуы керек:

- 1) атқарушы органның орналасқан тұрағы және толық атауы туралы;
- 2) жиналыс шақыртуды бастамашы туралы мәлімет;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді жіберудің түбегейлі мерзімі туралы;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу мерзімі немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей, сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу мерзімі туралы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі туралы;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар мазмұндалған болса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аттары;
- 7) дауыс беруді туындыратын сұрақтардың тұжырымдары;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әр сұрақ бойынша «иә», «жоқ», «тартынып қалдым» деген сөдерден тұратын дауыс беру нұсқалары;
9) күн тәртібінің әр сұрағы бойынша дауыс берудің(бюллетендерді толтыру) тәртібін түсіндіру туралы;

5. Сырттай дауыс берудің бюллетеніне жеке басын куәлендіретін құжаты туралы мәліметі көрсетілген заңды емес тұлға – акционердің қолы қойылуы тиіс.

Акционердің дауыс беру бюллетеніне тұлғаның жеке басын куәлендіретін құжаты туралы мәліметі көрсетілген заңды тұлға - акционер жетекшісінің қолы қойылып, заңды тұлғаның мөрімен бекітілуі тиіс.

Акционердің сырттай дауыс беру бюллетені заңды емес тұлға – акционердің немесе акционердің жетекшісінің қолы қойылмаса және заңды тұлғаның мөрінің жарамсыз деп есептелінеді.

Дауыс саналғанда акционердің дауысы, бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібі сақталған сұрақтар бойынша және дауыс беруге мүмкіншілікті нұсқалардың тек біреуі таңбаланған болса ғана, саналады.

6. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар мазмұндалған болса, сырттай дауыс берудің бюллетенінің, жекеленген кандидаттар үшін берілген дауыстар санын көрсететін, шеті болуы керек.

7. Егер, сырттай дауыс беру үшін бұдан бұрын бюллетень жіберілген акционер, аралас дауыс қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға және дауыс беруге келген болса, оның бюллетені, акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтауда және күн тәртібінің сұрақтары бойынша дауысты санағанда, есептелмейді

24 – бап. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруі «бір акция-бір дауыс» көқарасымен

жүзеге асырылады, келесі жағдайларды шығарып тастағанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көрсетілген жағдайда, акциялар бойынша бір акционерге жіберілген дауыс санын барынша шектеуге;

2) директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлауда кумулятивті дауыс беруге;

3) акционерлердің жалпы жиналысын процедуралық сұрақтар бойынша өткізгенде, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқысы бар әрбір тұлғаға, бір дауыстан жіберуге;

2. Кумулятивті дауыс беруде акция бойынша жіберілген дауыстар, акционермен түгелдей директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың біріне берілуі немесе директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың бірнешеуінің арасында бөлінуі мүмкін.

Директорлар Кеңесінің мүшелігіне сайланды деп дауыс саны басым берілген кандидаттар мойындалады.

3. Егер, ішкі тәртіпте өткізілген акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру жасырын жүзеге асырылса, ондай дауыс беру бюллетендері(әрі қарай осы бапта –жасырын дауыс беру бюллетендері) дауыс беру жасырын жүзеге асырылатын әр сұрақ бойынша құрастырылуы керек. Мұндайда ішкі жасырын дауыс беру бюллетенінің мазмұнында:

1) сұрақтың тұжырымдамасы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның тәртіптік нөмірі;

2) сұрақ бойынша дауыс берудің «иә», «қарсы», «тартынып қалдым» деген сөздермен толтырылған нұсқалары немесе Қоғам органдарына әр кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиісті дауыстар саны болуы керек

4. Қоғамнан өзіне тиесілі акцияларын заңға сәйкес сатып алу мақсатында талап еткенін қоса, бюллетенге қол қоюға қашан өзі ниет еткенінше, акционер ішкі жасырын дауыс бюллетеніне қол қоймайды.

Ішкі жасырын дауыс беру бюллетені бойынша дауыстарды санағанда дауыс берушінің дауысы, бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібі сақталған сұрақтары бойынша және мүмкіншілікті дауыс беру нұсқаларының тек біреуі таңбаланған болса ғана, есептелінеді.

25 – бап. Дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама

1. Дауыс берудің қорытындысы бойынша есеп комиссиясы дауыс берудің жасалған қорытындысы жайында хаттама жасайды және қол қояды.

2. Дауысқа шығарылған сұрақтар бойынша акционердің ерекше ой-пікірі болатын болса, Қоғамның есеп комиссиясы сәйкестендірілген жазуды хаттамаға кіргізіуге міндетті.

3. Дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама жасалып, қол қойылғаннан кейін негізінде хаттама жасалған, толтырылған ішкі жасырын және сырттай дауыс берудің бюллетендері(оның ішінде жарамсыз делінген бюллетендер және бар) бірге тігіледі де, сақталу үшін Қоғам архивіне тапсырылады.

4. Дауыс берудің қорытындысы туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына кіргізіледі.

5. Дауыс берудің қорытындысы дауыс беру кезеңінде өткізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының қорытындысы немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 10 күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарлама хат бағыттау арқылы мәлімденеді.

26 - бап Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы

1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасалып қол қойылуы тиіс.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан тұрағы;

2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін мерзімі, орны мен уақыты;

3) акционерлердің жалпы жиналысына жіберілген Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;

4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің тәртібі;

7) акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы(президиум) және хатшысы;

8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы тұлғалардың сөз сөйлеулері;

9) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауысқа қойылатын әр сұрақ бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

10) дауысқа қойылған сұрақтар, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

11) акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер көрсетілуі керек.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:
- 1) акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасының (президиум мүшелерінің) және хатшысының;
 - 2) есеп комиссиясының мүшелерінің(егер есеп комиссиясы сайланған болса);
 - 3) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беруші акцияларының 10 немесе одан артық пайызын иеленуші акционерлердің қолдары қойылуға тиісті.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоятын мүмкіншілігі болмаған жағдайда, хаттамаға берілген сенімхат негізінде оның өкілінің қолы қойылады.

Жалпы жиналыста Қоғамның директорлар Кеңесінің сайлауы(директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы сұрақ қарастырылған жағдайда, жалпы жиналыстың хаттамасында директорлар Кеңесінің таңдалынып алынған мүшесі қандай акционердің өкілі екендігі және(немесе)директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінен кім тәуелсіз директор болатындығы көрсетіледі.

4. Осы Жарғының 107-ші тарамында көрсетілген тұлғалардың әлдебіреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы тұлға, хаттамаға кіргізілетін бас тартуының себебінің жазбаша түсініктемесін беріп, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

5. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындысының хаттамасымен, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқылы сенімхаттармен, тағы да хаттамаға қол қоюға бас тартуының себебтерінің жазбаша түсініктемелермен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органда сақталуға тиісті және кез келген уақытта танысу үшін акционерлерге берілуге тиісті. Акционердің талап етуімен оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

27 – бап. Директорлар Кеңесі

1. Қоғамның директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен құрылады және Қоғамның, заңмен және осы Жарғымен шешімі акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жататын сұрақтары кіргізілмейтін, жалпы іс-әрекет қызметін жүзеге асырады.

2. Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Қоғамның іс-әрекет бағыттарының артықшылығын анықтау, сонымен қоса Қоғамның 5 жылғы стратегиялық даму бағыттарын қолдау және акционерлердің жалпы жиналысының қарастыруына жіберу;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау;
- 3) акцияларды орналастыру(тарату),оның ішінде орналастырылатын (таратылатын) акциялар саны туралы жарияланған акциялардың саны шегінде,әдістері мен орналастыру(тарату) құны туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алуы және олардың сатып алыну құны туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін алдын-ала бекіту;
- 6) облигациялардың және Қоғамның құнды қағаздарының туындыларын шығару шарттарын анықтау;
- 7) ішкі аудит Қызмет жетекшісінің лауазымына кандидатурасын қолдау;
- 8) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызмет жұмысшыларының сыйақы мөлшері және еңбегінің төлемақы шарттарын анықтау,
- 9) Қоғамның Бас директорының лауазымдық айлық мөлшерін және сыйақы мен еңбегінің төлемақы шарттарын анықтау;

- 10) аудиторлық ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ Қоғамның акция төлемақысына берілген немесе ірі келісімнің заты болып табылатын мүлікті рыноктік құндылық бағасы бойынша бағалаушының төлемақы мөлшерін анықтау;
 - 11) Қоғамның ішкі іс-әрекетін реттейтін (атқарушы органдардың Қоғамның іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған құжаттары кіргізілмейтін болғанда) құжаттарды бекіту;
 - 12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру немесе жаптыру және олар жайында ережелер бекіту туралы шешімдер қабылдау;
 - 13) Қоғамның акциялардың басқа заңды тұлғалардан 10 және одан да артық пайызын (қатысу еншісі жарғылық капиталда) алуы туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың іс-әрекеттері сұрақтары бойынша шешім қабылдау;
 - 14) Қоғамның міндеттерін оның меншіктік капиталының 10 және одан да артық пайызын құрайтын мөлшерде өсіру:
 - а) Қоғаммен кепілдікке алуға, оқшауландыруға бағытталған жылжымайтын мүлікті, құрылысы аяқталмаған объектілер мен жер саласын қоса, кепілдік бағасынан тәуелсіз келісімдерді қолдау;
 - б) Қоғаммен займ, несиелер және оның меншікті капиталының мөлшерінің оннан жоғары пайыз жиынтығын кепілдік алушыға беруге және(немесе) алуға бағытталған келісімді қолдау;
 - в) векселдік келісімдерді қолдау, Қоғамның кепілдік беруі және(немесе) оның меншікті капиталының он пайыздан жоғары жиынтықта міндет қабылдауы;
 - 15) Бұрынғы тіркеушімен келіссөз бұзылған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін сайлау;
 - 16) Қоғам туралы немесе қызметтік, коммерциялық және оның басқадай заңмен қорғалатын құпиядан құрастырылған іс-әрекеттері туралы мәліметтерді анықтау;
 - 17) Қоғамның Бас директорін сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 18) Ірі келісімдер тұжырымдау туралы және Қоғам мүдделерін қорғайтын келісімдер жасау жайында шешімдер қабылдау;
 - 19) Қоғамның стратегиясын дайындап қабылдау;
 - 20) заңмен және осы Жарғымен қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатпайтын басқа да сұрақтар;
3. Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне жататын сұрақтар, шешілуі үшін Президентке берілуге тиісті емес.
4. Директорлар Кеңесі осы жарғыға сәйкес Бас директорінің құзіретіне жататын сұрақтар бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қарама - қарсы келетін шешім қабылдауға құқысыз.

28 – бап. Директорлар Кеңесінің құрамы

1. Директорлар Кеңесінің мүшесі тек заңды емес тұлға болуы тиіс;
2. Директорлар Кеңесінің мүшелері:
 - 1) акционерлердің – заңды емес тұлғалардың;
 - 2) директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылған(ұсынған) акционерлердің мүддесін білдіретін өкілдер санатындағы тұлғалардың;
 - 3) басқа тұлғалардың (осы Жарғының 116 –шы тарамымен анықталған шекте) санынан сайланады.

Директорлар Кеңесіне сайлау кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын түгелдей бір кандидатқа немесе оларды директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың бірнешеуіне бөліп беруіне құқылы. Дауыстардың басым көпшілігін жинаған

кандидат директорлар Кеңесінің мүшелігіне сайланған болып есептелінеді. Егер директорлар Кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан көп кандидаттар жинаған дауыс саны тең болса, ол кандидаттар бойынша қосымша дауыс беру өткізіледі.

3. Директорлар Кеңесіне мүше болып, Қоғамның акционері болмайтын және директорлар Кеңесінің мүшелігіне сайлануға акционердің мүдделі өкілі болып ұсынылмаған (ұсынбаған), заңды емес тұлға сайлана алады. Ондай тұлғалардың саны директорлар Кеңесінің құрамының 50 пайызынан жоғарыламауы керек.

4. Бас директор директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

5. Директорлар Кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері санының үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуға тиісті.

6. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен тағайындалады.

29 – бап. Директорлар Кеңесінің мүшелерінің өкілеттік мерзімі

1. Қазақстан Республикасының заңнамаларымен басқадай көрсетілмесе, Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар қайтадан сайлануы шексіз болуы мүмкін.

2. Директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен тағайындалады.

Директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімі директорлар Кеңесінің жаңа құрамы сайланатын акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін мезгілде аяқталады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің барлығының немесе жекеленген мүшелерінің өкілеттілігін тоқтатуға құқылы.

4. Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілеттілігін оның бастамасымен мерзімінен бұрын тоқтату директорлар Кеңесінің жазбаша ескертпесінің негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесінің ондай мүшесінің өкілеттілігі директорлар Кеңесінің көрсетілген ескертпесін алған сәтінен тоқтатылады.

5. Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, мұндайда директорлар Кеңесінің жаңа сайланған мүшесінің өкілеттілік мерзімі директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімімен бір мезгілде тоқтатылады.

30 – бап. Директорлар Кеңесінің Төрағасы

1. Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан оның мүшелерінің санының көпшілік дауысымен жасырын сайланады.

Директорлар Кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайтадан сайлауға құқылы.

2. Директорлар Кеңесінің Төрағасы: .

1) директорлар Кеңесінің отырысын шақыртады, онда төрағалық етеді;

2) директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

3) директорлар Кеңесінің отырысын жүргізеді;

- 4) Қоғамның Бас директорына ішкі аудит Қызмет жетекшісі лауазымына тағайындау үшін директорлар Кеңесінің қолдаған кандидатурасын ұсынады;
 - 5) Қоғам атынан Бас директормен жекеленген еңбек келісімшартын жасайды.
Директорлар Кеңесінің Төрағасының Бас директорымен жасалынған жекеленген еңбек келісімшарты материалдық сыйақы, Бас директорының жауапкершілігі іс-әрекет нәтижесінен және Қоғамның бизнес-жоспарының (қаржылық-шаруашылық жоспары) орындалуынан тура тәуелділігін қарастыруға тиісті;
 - 6) осы Жарғымен анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады;
3. Директорлар Кеңесінің Төрағасы жоқ болған жағдайда, оның қызметін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша, директорлар Кеңесінің мүшелерінің бірі атқарады.

31 – бап. Директорлар Кеңесінің отырысын шақырту

1. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Президентінің бастамасымен; немесе:
 - 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің,
 - 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның,
 - 4) ірі акционердің талаптары бойынша шақыртылады.
